

# Қанатты қалам иесі

**Биыл қазақтың атақты ақын - жазушысы, қазақ әдебиетінің қалыптасуына өзінің зор үлесін қосқан Бейімбет Майлиннің туғанына - 130 жыл.**

Әдебиетте өзінің өшпес ізін қалдырған заңғар тұлғаның еңбектері өз заманында да, бүгінгі таңда да көпшіліктің көңілінен өз орнын ала білген.

Осыдан 130 жыл бұрын яғни 1894 жылы 15 қарашада Қостанай облысы, қазіргі Бейімбет Майлин ауданында дара тұлға Бейімбет Майлин дүниеге келді. Қыпшақ тайпасының Қарабалық руынан шыққан тұлға бір жасқа толмай әкесінен айырылып, байларға жалданып, жетімдіктің зардабын жастайынан сезінсе де еш мойымай, тек алға ұмтылды. Орысша, қазақша мектептерден білім алып, жазушылықпен айналысып, «Мырқымбай», «Байдың қызы», «Рәзия қызы», «Хан күйеуі», «Қашқын келіншек» және т.б. поэмаларын



жазды. Бейімбет Майлиннің дарыны прозалық шығармаларынан айрықша жарқырап көрінген. Әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады.

Бейімбет Жармағамбетұлы туралы қызықты дерек ол кісінің туған кездегі есімі Вимұхамет болған. Бұл жайлы білетіндерден білмейтіндер көп. Би ата өзінің аз ғана ғұмырында біраз дүниені тәмамдап, жас ұрпақ үшін өзінің мол мұрасын

қалдырып кетті. Егер 1938 жылы репрессияның құрбаны болмағанда өте көп, шексіз еңбектер қалдырушы ма еді деген ой маза бермейді.

Би атаның атындағы мектепте оқығаныма мақтанамын. Бейімбет Майлин атындағы №3 мектепте ол кісіге арналған кабинет пен мұражай ашылғанына біршама уақыт болды. Оқушылар мен ата-аналар, ұстаздар және мектеп қызметкерлері дара тұлғаның дара өмірі мен еңбектерін жиі зерделейді.

Біз де, кейінгі ұрпақ та Бейімбеттей дара тұлғаның есімін есімізде мәңгі сақтап, дәріптейміз деген ойдамын. Биік тұлғаның еңбектерін бағалап, қазақ елі үшін құрбан болған бәйтерегімізді бағалап, жүрегімізден өшірмейік. Қанатты қалам иесінің 130 жылдығы құтты болсын қазағым!

**Назым БӨЛТІРІК,  
Б. Майлин  
атындағы  
№3 мектептің  
11 сынып оқушысы**